**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН**
**Ш Е Ш І М**

2024 жылғы 2 мамыр №4712-24-00-2/1165 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Маңғыстау мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«AJ consult» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Маңғыстау мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» мемлекеттік мекемесі талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «AJ consult» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «AJ consult» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 06.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.06.2024, судья Тленов А. Ш., 20.06.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -